

Бегалиева А.Қ.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға дейінгі факультеттің аға оқытушысы

Наралиева Р.Т.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға дейінгі факультеттің аға оқытушысы

Савденбеков Б.Е.,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ЖОО-ға дейінгі факультеттің оқытушысы

Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ЖЕТІ ҚЫРЫ» МАҚАЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ АТҚА МІНУ МӘДЕНИЕТІ

Елбасы бұл мақаласында «Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер жүзіне Ұлы даладан тарағаны тарихтан белгілі. Еліміздің солтүстік өңіріндегі энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты», – деп жазған [1].

Ұлы дала тарихында жылқыға қатысты Ботай, Берел, Есік қорғандары белгілі. Елбасы ғылымның жаңалықтарына сүйеніп, атқа міну мәдениетін, жылқының қолға үйреткен кездерін сипаттады.

Қазақ даласында қолға үйретілген жылқы жануары өркениетте үлкен орын алды. Әсіресе ауыздық пен үзеңгіні ойлап тапқан бабаларымыз әлемнің тізгіні мен тіреуішін қолына ұстады десек болады. Тарихтың атасы Геродот: «Олар ат үстінде де, жаяу да соғыса береді, соғыстың екі тәсілін де жетік меңгерген: садақпен және найзамен қаруланған, қарапайым қару мен айбалтаны да қолданады. Сондай-ақ олар аттары-

ның алқымын сауытпен қаптайды, ал жүгендерін, ауыздықтарын және күйысқандарын алтынмен зерлейді» деп жазса [2], араб саяхатшысы Ибн-Батута «...Дешті Қыпшақтарда төрт доңғалақты үлкен арбалар болады. Оған екі немесе бірнеше ат жегіледі, кейде ат орнына арбаның жеңілдігі мен ауырлығына қарай қара мал немесе түйе пайдаланылады. Айдаушы салт атқа мініп, ұзын бишікпен немесе ұзын шыбыртқымен бағыттап, оларды жолға түсіріп отырады. Арбаның үстіне бір-бірімен жіңішке қайыстармен байланыстырылған әркілы ағаштардан құрастырылған үйшіктер орнатылады. Үйшіктердің сырты киізбен немесе басқа да материалмен қапалады. Бұл арбалардың алмалы-салмалы терезелері болады. Үйшіктің ішінде отырып, сыртта не болып жатқандығының бәрін аңдауға болғанымен, оның ішінде отырғандар көзге түспейді» деп сипаттаған.

Ғасырлар бойы қолынан найзасы түспеген қазақты XVIII ғ. соңында Ресей билігінің басында тұрған патшасы қолға түсірмекші болды. II Екатерина «Қазақтарды атқа мінгізбендер. Олар атқа мінсе кімді болса да таптап кетуден тайынбайды» деген сөздері де белгілі. Сондықтан одан әрі Елбасы «Жыл-



қының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.

Ту ұстаған салт атты жауынгердің бейнесі – батырлар заманының ең танымал эмблемасы, сонымен қатар, атты әскердің пайда болуына байланысты қалыптасқан көшпенділер әлемі «мәдени кодының» айрықша элементі», – деп әділ көрсетті [1].

Қуат күшін аттың күшімен де есептеу бекер емес. Қазақ халқының бүкіл сөздік қоры, ән мен күйі, салт-дәстүрі жылқымен байланысты. «Дәйім менің мінгенім ал қарагер, Ауыздығын шайнайды сол қарагер. Оралыңның барында ойна да күл, Жалмайды барлығын да сұм қара жер...» – деген қара өлең жолдары жылқы малын сипаттаса, «ат баспаймын деген жерін үш басатынын» айғақтап мақал мен мәтелге де айналды. Жылқыға байланысты сөздік қор да жасалған [3].

Қазақ халқы ат әбзелдеріне баса назар аударған. Ер-тоқым жабдықтарын қыздар тағатын сәнді әшекей бұйымдарға ұқсатып жасаған. Ердің сәнді болуымен қатар оның адамның отыруына жайлы болуына да көңіл бөлінген. Ұзақ жолға немесе сапарға шыққан адамның ыңғайлы отыруы, жаумен шайқасуында жеңіске жетуіне де әсер етеді. Ер аттың шайқас немесе жарыс кезінде тік тұрғанда, айналған кездерде адамның ыңғайлы отыруын, жерге құлап түспеуін қамтамасыз етеді. Екінші жақтан, ер тек қана адамның отыруына, ыңғайлы құрал емес, атқа да зиян келтірмейтін құрал болуы тиіс. «Ерттеп міну, ерттеулі аттай, ері мойнынан кетті, ер әбзелін түзеді» деген сияқты ерге байланысты тіркестер бүгінде ауыс мағынада адамға қатысты қолданылады. Сондай-ақ, ат әбзелінің бірі тізгін сөзіне байланысты

қалыптасқан «тізгінін жиды, тізгінінен айырылды, тізгінін берді, тізгін ұшымен келді, тізгінін тарту /тежеу/, тізгінін тартпау, тізгін тартар бер, тізгінін өз қолына алды, тізгіндеп ұстады, тізгінге жабысу, тізгінді босатты» деген фразеологиялық тіркестер кездеседі.

Фразеологизмдерде жақсы үйретілген үй жануарларының сыртқы кескінін, мінез-құлқын, қылықтарын сырт көзбен қарап, бейнелі түрде салыстыру негізінде жасалған. Бір жағынан, жануарлар әлеміне, екінші жағынан, адамдардың қоғамдағы өзара қарым-қатынасына және олардың әр түрлі тіршілік жағдайларындағы мінез-құлықтарына бақылау жасау негізінде алынған бұл ассоциативтік параллельдерден фразеологизмдер қалыптастырудың бейнелі-аялық негізі және олардың мағынасын өзгерту және ауыстыру уәждері ретінде қызмет атқаратын біраз ортақтықты және ұқсастықты таба алады. Мысалы, қазақ тілінде ғана кездесетін «адам жылқы мінезді» тіркесі адамды жағымды жағынан сипаттайды. Мұнда көнбістігімен, өзінің күшін тез қалпына келтіріп алуға деген қабілеттілігімен ерекшеленетін адам сөз болып тұр. Жылқыға тән бұл қасиетті көшпенділер жақсы зерделеп, ұғына отырып, оны абзал қасиет ретінде адамның бойына ауыстырады.

Жылқы малына қатысты қалыптасқан өлшем бірліктерін білдіретін фразеологизмдерді өзара былайша топтастырып беруге болады:

1) Уақыт, мезгілдік мөлшерін білдіретін фразеологизмдер: жылқы тұсар кез; бие сауымдай уақыт; ат қара тіл болғанда; бие байланған кез; бие ағытар кез т.б.

2) Сан мөлшерін білдіретін фразеологизмдер: бір үйір жылқы; бір қос жылқы; бір желі құлын; бір тай, бір тайпа ел; үйір-үйір жылқы; тайлы

тұяғымен; алалы жылқы, ақтылы қой; салт атты сабау қамшылы; қоралаған қой, қостаған жылқы т.б.

3) Қашықтық, көлем, аумаққа байланысты фразеологизмдер: ат шаптырымдай жер; ат жетпес, атан жетпес жер; ат басындай; ат тұяғы жетер жер; ат бойы; бес биенің сабасындай; бие бауындай жер; ат адым; тай шаптырым; құнан шаптырым; ат жетер жер; ат жетпес жер; желі бойы; тай тұяқ алтын; тай тұяқ күміс; ат басындай алтын; тай ізіндей т.б.

Бие сауымдай уақыт деп биенің екі сауымының арасын айтады. Бұл фразеологизм халықтық уақыт өлшемін білдіретін фразеологизмге жатады. Халықтық пайымдау бойынша, бие сауымдай уақыт екі сағатқа тең, яғни биені әрбір екі сағат сайын сауып отыратын болған. Бұл фразеологизм өзінің мағынасын сақтай отырып, құрылымдық жақтан өзгеріп отырады: бие сауым мезгіл // бие сауым мезет // бие сауымдай шақ. Сондай-ақ, тілімізде «ат басындай» деген тіркес қолданылады. Мысалы, «Сен ертең де кел. Мен әкемнің қазынасынан ат басындай алтын, қой басындай ділда алайын, сонан соң екеуміз қашайық». Бұл көрсетілген мысалда ат басындай тіркесі алтын құйманың көлемін көрсету үшін қолданылып тұр. Бұл жағдайда фразеологизм тікелей салыстыру арқылы жасалған. Мысалы, Қайғымен басылар, Ат басындай жүрегім [4, 20 б.].

«Ала тайдай бүлдіру» деген тіркесті түсіндірудің екі нұсқасы бар. Біріншісі, Ш.Ш. Уәлихановтың түсіндірмесі: «ала тайдай бүлдірді» мәтелі қалмақтардың аңыздарымен түсіндіріледі. Мен Құлжада ойрат тайпасының бір қарт білгірімен әңгімелестім. Ол маған Хо-Ұрлықтың қозғалысы, ноғайлар мен казактарды жеңуі туралы көне жырларды айтып бер-

ді. Бұл кезең туралы қырғыздардың аңыз-әңгімелері қаншалықты қайғылы болса, қалмақтардың аңыз-әңгімелері соншалықты мадақтауға, мақтанышқа толы. Бұл жырдан мен жоғарыда келтірілген мәтелді түсіндірудің кілтін таптым. Ноғайлар қалмақтардың шабуылын күн сайын үрейлене күтетін еді; қалмақтар ноғайлардың күшінен қорқып оларға шабуыл жасауға бата алмады. Кенеттен түнде ноғай ұлыстарында ала тай бас жібін үзіп, үйірде ойран салады. Ноғайлар қорыққандарынан туған жерлерін, малдарын тастай қашады, содан кейін барып қалмақтың тайшасы Сары-Манджу шабуыл жасап, ол жерді өзінікі деп жариялайды» [5].

Екінші нұсқа табыншылардың байқағандарына қатысты болып келеді: «ала түсті жылқылар асау, тістегіш, төбелескіш. Сондықтан ала түсті жылқыларды ешкім мақтамайды, олардан төзімді, жегін аты шыға қоймайды». Бұл пікірлердегі тайлардың мінезін көрсету ұқсас болғандықтан нұсқалар бір-біріне қарама-қайшы келмейді. «Ала тайдай бүлдіру» тіркесімен мінезі жаман, дес бермейтін, өзінің қызбалығын ұстай алмайтын, ұрысуға дайын тұратын адамдардың іс-әрекеті де сипатталады. Мұндай адамдар тез ашуланып, әр түрлі дау-дамай туғызады.

Атқа міну мәдениеті адамзат өркениетіне ықшамды киім киюді алып келді. «Қазіргі киім үлгісінің базалық компоненттері дала өркениетінің ерте кезеңінен тамыр тартады. Атқа міну мәдениеті салт атты жауынгердің ықшам киім үлгісін дүниеге әкелді. Ат үстінде жүргенде ыңғайлы болуы үшін бабаларымыз алғаш рет киімді үстіңгі және астыңғы деп екіге бөлді. Осылайша, кәдімгі шалбардың алғашқы нұсқасы пайда болды» деп көрсетті Елбасы. Демек, ауыздықтап ат мінген бабаларымыз адамзаттың



дамуын жаңа сатыға көтерді. Қорыта айтқанда, қазақтың атқа міну мәдениеті тұтас бір өркениет, ғылым. Оның

әлі зерттейтін тұстары көп. Елбасының мақаласы осындай бағыт береді деп тұжырымдаймыз.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры // Ortalyk.kz. 21.11.2018.
2. Геродот. История. – Алматы, 2005.
3. Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы, 2010.
4. Батырлар жыры. – Т. 3. Алматы, 1987.
5. Валиханов Ш. Соч. – Алматы, 1985.